

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ғылым комитеті  
Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты  
Татарстан Республикасы Ғылым академиясының А.Х. Халиков атындағы Археология институты  
Орталық Азиялық зерттеулер халықаралық институты  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Түркістан облысының әкімдігі  
Қазан федералдық университеті  
Ресей Ғылым академиясының Археология институты (РҒА АИ)  
РҒА Сібір бөлімінің Археология және этнография институты  
РҒА Ұлы Петр атындағы Антропология және этнография музейі (Кунсткамера)  
РҒА Материалдық мәдениет тарихы институты  
РҒА Сібір бөлімінің Моңғолтану, буддология және тибетология институты  
РҒА ҚБ Қиыр шығыс халықтарының тарих, археология және этнография институты  
Алтай мемлекеттік университеті  
Ұлттық археологиялық институты мен музейі (Болгария)

## **Еуразиялық далалық өркениет: адам және тарихи-мәдени орта**

Еуразия даласы археологиясы  
V халықаралық конгресінің материалдары

(Түркістан қ., 11–14 қазан 2022 ж.)

5-том



Алматы – Түркістан  
2022

К. М. Жетібаев,  
Б. С. Сиздиков,  
М. М. Бахтыбаев

Көпжасар Мұстафаұлы Жетібаев,  
[kopzhasar.zhetibayev@ayu.edu.kz](mailto:kopzhasar.zhetibayev@ayu.edu.kz);  
Бағдаулет Сапарбайұлы Сиздиков,  
[bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz](mailto:bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz);  
Мэлс Маратұлы Бахтыбаев,  
[mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz](mailto:mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz)

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан қ., Қазақстан

## Ортағасырлық Сығанақ қаласында 2021-2022 жылдары жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелері\*

**Аннотация.** Сығанақ қаласында 2003–2020 жылдар аралығында жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қаланың шығыс қақпасы, қақпа маңындағы қамал қабырғалары, мұнаралары, қаланың орталық мешіті және ханака орындары анықталған. Қаланың Қазақ хандығы тұсына жататын құрылыс қабаттарын және қала маңындағы көне қорымдағы жерлеу орындарды зерттеу қазіргі таңдағы маңызды тақырыптардың бірі болып табылуда. Осы кезеңнің құрылыс қабаттары мен қала маңындағы жерлеу орындарының мерзімдерін анықтау қажет. Мақалада ортағасырлық Сығанақ қаласының магистральды көшесін бойлай орналасқан тұрғын үй кешенінің I-II құрылыс қабаттарында және шахристанында орналасқан жерлеу орындарында жүргізілген зерттеу нәтижелері көрсетілген.

**Түйін сөздер:** Сығанақ, Ұлы Жібек жолы, ортағасырлық қала, мәдени қабат, тұрғын жайлар, кесене, архитектура ескерткіші

Копжасар Мустафаевич Жетибаев,  
Багдаулет Сапарбаевич Сиздиков,  
Мэлс Маратович Бахтыбаев,

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави,  
г. Туркестан, Казахстан

### Результаты археологических исследований средневекового городища Сыганак в 2021-2022 гг.

**Аннотация.** В результате археологических исследований, проведённых в 2003–2020 гг. на городище Сыганак, были исследованы восточные ворота, крепостные стены, башни, центральная мечеть и ханака. Однако изучение слоев городской застройки и захоронений на древнем некрополе, относящихся ко времени Казахского ханства, является одной из актуальных тем на сегодняшний день. Определение датировок культурных слоев этого периода требовало дальнейшего исследования. В статье представлены результаты

полевых исследований, проведённых в 2021-2022 гг. на I-II строительных горизонтах жилых комплексов, расположенных вдоль магистральной улицы, и древнего некрополя средневекового городища Сыганак.

**Ключевые слова:** Сыганак, Великий Шёлковый путь, средневековый город, культурный слой, жилые помещения, мавзолей, памятник архитектуры

**Kopzhasar Zhetibayev,  
Bagdaulet Sizdikov,  
Mels Bakhtybayev,**

Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University,  
Turkistan, Kazakhstan

### **The results of archaeological research of the medieval settlements of Syganak in 2021-2022**

**Abstract.** As a result of archaeological research conducted in 2003-2020 at the settlement of Syganak, the eastern gates, fortress walls, towers, central mosque and khanaka were explored. However, the study of the layers of urban development and burials on the ancient necropolis dating back to the time of the Kazakh Khanate is one of the relevant issue today. Determining the dates of the cultural layers of this period required further research. The article presents the results of field studies conducted in 2021-2022 on the I II construction horizons of residential complexes located along the main street and the ancient necropolis of the medieval settlement of Syganak.

**Keywords:** Syganak, the Great Silk Road, medieval city, cultural layer, residential premises, mausoleum, architectural monument

**Кіріспе.** Ортағасырлық Сығанақ қаласы Сунақата ауылынан 2 км батыста, Түркістан–Қызылорда тас жолының оң қапталында орналасқан (Қызылорда обл., Жаңақорған ауд.) [Syzdykov және т. б. 2021: 43]. Жазба деректерге көңіл бөлетін болсақ қала тұрған аймақта б.д.д. VII–II ғғ. массагет тайпаларының өмір сүргендігі баршаға белгілі. Б.д.д. II – б.д. V ғғ. бұл өңірде қаңлы тайпалары мемлекеттік дәрежеде ғұмыр кешті. Қытай деректерінде Қазақстан жерінде болған Чжан Цзянның хабарлауынша қаңлы мемлекеті – Сусе, Фуму, Юени, Цзи және Юйцзянь атты бес иеліктен тұрып, орталығы Битянь қаласы болғандығы көрсетілген [Малов 2001: 87-149]. С. Жолдасбаевтың пікірінше, Сығанақ қаласы тұрған жер Сусе иелігінің жері болған. Себебі, Юени иелігі Сырдарияның орта ағысының жоғарғы бөлігін қамтыған болса, көршілес Сусе иелігі Сырдарияның орта ағысының төменгі бөлігін қамтыған. Сығанақ қаласының орнында зерттеу жұмыстарын жүргізген Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының мүшелері Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевичтер қаланың қаңлылардың басты орталықтарының бірі болғандығын тілге тиек етеді [Агеева, Пацевич 1958: 206-208].

X ғ. соңында өмір сүрген белгісіз парсы авторының «Худуд-әл Әләм» қолжазбасында Сығанақ қаласының аты «Сунах» деп кездеседі [Якубовский 1929: 123-159]. Ғұлама ғалым М. Қашқаридың жазбаларында «Сығанақ» деген аты XI ғ. белгілі болған [Махмұт Қашқари 1997]. Ал XI–XII ғасырлардағы араб, парсы және түркі жазба деректерінде қаланың аты жиі кездеседі. Бұл кезең қаланың дамыған кезін көрсетеді [Жолдасбаев 2010: 6].

Қаланың гүлденіп, Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі сауда орталықтарына айналған кезі XIII ғ. тура келеді. Бұл кезеңде Сығанақ қаласы Мұхаммед Хорезмшахтың қарамағында болды. XIII ғ. басында Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы қалың қолымен 7 күнге созылған шайқаста Сығанақ қаласын бағындырады. Пайымдауымызша қала аумағының тым үлкен болғандығынан, қорғаныс күшінің жеткіліксіздігінен қала тұрғындары өздерінен басым моңғол жасақтарынан жеңіліс табады. XIII ғасырдағы жазба деректерде Сығанақ қаласын Жошы әскерінің жаулап алғандығы жайлы мәліметтердің кездесуі бұл пікірімізді қуаттай түсуде [Джувейни 2004: 58]. Сонымен қатар, армян патшасы Гетумның 1254 жылы Моңғол империясының астанасы Қарақорымға жасаған сапарынан

қайту барысында Сырдарияның ортаңғы ағысындағы қалаларда болғандығы баяндалған. Оның ішінде Сығанақ қаласы «Сгнах» деген атаумен көрсетілген [Гандзакеци 1976].

Сығанақ қаласының қайта гүлдену кезеңі XIV ғ. тұс келеді және осы ғасырдың соңына таман қала өзінің бұрынғы күш-қуатын қайта иемденіп, астаналық дәрежеде өмір сүреді. Осы уақытта қаланың көршілес елдердің қалаларымен тарихи-мәдени байланыстары күшейе түседі. Қаланың аз уақыт ішінде қайта гүлденуіне Ұлы Жібек жолы бойында орналасқаны айтарлықтай септігін тигізген. Ортағасырлық автор Фазлаллах ибн Рузбихан Сығанақты «Дешті-Қыпшақтың сауда айлағы» деп атайды [Жолдасбаев 2010: 8]. Мұхаммед Шайбани ханның хатшысы, әрі кеңесшісі болған Фазлаллах ибн Рузбиханның жазбаларында XVI ғ. басында Қазақ хандығының басты қалаларының бірі болған Сығанақ қаласының базарында күніне 500 түйе сойылып, кәуап жасалып, кешке дейін бір түйірі қалмай сатылып кететіндігі жайында мағлұматтар келтірілген [Фазлаллах Ибн Рузбихан, 1976: 116-117].

Қала орнында 2003 ж. бастап Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Археология ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Қаланың Қазақ хандығы тұсына жататын құрылыс қабаттарындағы және қала маңындағы көне қорымдағы жерлеу орындарды зерттеу қазіргі таңдағы маңызды тақырыптардың бірі болып табылуда. Қаланың соңғы құрылыс қабаттары мен қала маңындағы жерлеу орындардың мерзімдерін анықтау әлгі күнге дейін зерттеуді қажет етеді. Осыған байланысты, Ортағасырлық Сығанақ қаласының магистралды көшесін бойлай орналасқан тұрғын үй махаллаларын зерттеп, I-II құрылыс қабаттарының және қала маңындағы жерлеу орындарды зерттеп, талдап, ғылыми айналымға енгізуді жөн санадық.

**Зерттеу нәтижелері және талқылау.** 2021 ж. Сығанақ қаласында жүргізілген далалық зерттеу жұмыстары барысында, магистральды көшенің сол жақ қапталында орналасқан шағын төбеде археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Қазба жұмыстары барысында екі құрылыс қабаты анықталып зерттелді (1-сур.).

Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде бірінші құрылыс қабатына жататын он үш бөлме ашылып, зерттелді. Бірінші құрылыс қабатына жататын құрылыс нысандарының пішіні төртбұрышты, бұрыштары дүниенің төрт тарапына бағыттала орналасқандығы анықталды. Бөлмелер бір-біріне жалғастыра салынған. Тұрғын үйлер бір немесе екі бөлмеден құралған анфиладты жоспар түрінде салынған (2-сур.). Мұндай үлгідегі тұрғын үйлерді Отырар және Түркістан қалаларының XVII–XIX ғғ.



1-сур. № 20 қазба: 1 – қазба дейінгі көрінісі, 2 – қазбадан кейінгі көрінісі




2-сур. № 20 қазбаның бірінші құрылыс қабатының жобасы

жататын құрылыс қабаттарынан кездестіруге болады [Байпақов 2007: 112-118; Тұяқбаев және т. б. 2020: 55-61].

2021 жылы жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында екінші құрылыс қабатына тиесілі он үш бөлме, екі бастырма және екі аула ашылып, толық сипаттамасы жасалынып, бөлмелердің қандай мақсатта пайдаланылғандығы жөнінде ғылыми тұжырымдар жасалынды (3, 1-сур.).

Екінші құрылыс қабатына жататын тұрғын үйлер бір, екі немесе үш бөлмеден тұратын анфиладты және «Г» іспеттес жоспар түрінде салынған (3, 2-сур.). Мұндай үлгідегі тұрғын үйлер Отырар, Күлтөбе және Түркістан қалаларында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында XVII–XVIII ғғ. жататын құрылыс қабаттарынан анықталған [Байпақов 2007: 112-118; Хазбулатов және т.б. 2019: 243-245; Тұяқбаев және т. б. 2020: 55-61]. Тұрғын үй құрылысында көлемдері 27×27×6, 25×25×5, 23×23×5 см болып келетін күйдірілген кірпіштер қолданылған. Бұндай көлемдегі күйдірілген кірпіштердің баламалары Ортағасырлық Баласағұн, Отырар, Түркістан, Сауран және т. б. қалалардан көптеп анықталған [Акумбек, Vaibuginov 2013: 1236; Акишев және т. б. 1987: 125]. Жатын бөлмелерінің интерьерлері ретінде «П» іспеттес сыпаларды, есік аузының астында ташнауы бар кірпіш төсенді едендерді және бөлме жылытуға арналған тандыр ошақтар анықталды. Мұндай үлгідегі сыпалар мен бөлме жылытуға арналған түтіндігі сыпаның астымен жүргізілген ошақтарды Қаратаудың теріскейіндегі кейінгі ортағасырлық Күлтөбе және Ран





3-сур. № 20 қазбаның екінші құрылыс қабаты: 1 – жалпы көрінісі, 2 – жобасы


қалаларынан [Жолдасбаев 2012: 23], Сырдарияның ортаңғы ағысындағы Отырар, Күлтөбе және Түркістан қалаларынан кездестіруге болады.

2022 ж. Ортағасырлық Сығанақ қаласының маңындағы көне қорымда орналасқан № 6 және 7 кесене орындарында қазба жұмыстары жүргізілді.

Ортағасырлық Сығанақ қаласындағы № 6 кесене.

Кесене Ортағасырлық Сығанақ қалашығының оңтүстік батысында 230 м қашықтықта шағын төбе ретінде сақталған (4, 1-2-сур.). Төбе үсті тегіс шеңбер пішінді болып келуде, көлемі 20×10 м, биіктігі болса 1 м. Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде көлемі 16,5×8,6 м кесене орны анықталды. Кесене порталды және екі бөлмелі болып келген. Кесененің порталды кіреберісі солтүстік-батысқа бағытталған. Кесене өте нашар сақталған. Ауыл тұрғындарының айтуына қарағанда Кеңес Үкіметі тұсында көрші савхоздардың құрылыстарында Сығанақ қаласының маңындағы тарихи ескерткіштердің қыштары бұзылып алынып пайдаланылған. Осы себепті кесененің оңтүстік-шығыс бөлігі тұтастай бұзылып кеткен. Дегенмен бастапқы қалыпта сақталған соңғы қатарға тиесілі қыш қаландыларды негізге ала отырып кесененің жобасы анықталды.

Археологиялық зерттеу жұмыстары барысында кесененің кіреберіс порталының ені 3 м, порталдың оң және сол қапталындағы қабырғаларының қалыңдықтары 2 м, сақталған биіктіктері 0,5×0,05 м екендігі анықталды. Кесененің кіреберіс бөлмесінің ішкі көлемі 5,3×4,1 м, еденіне 20 см қалыңдықта ашық сарғыш түсті саз балшық құйылған. Оң және сол жақ қыш қаланды қабырғаларының ені 1,35 м болып келуде. Кесененің бірінші және екінші бөлмелерін



4-сур. № 6 кесене: 1 – орналасу орны, 2 – қазбаға дейінгі көрінісі


ені 1,3 м болып келетін қыш қаланды қабырға бөліп тұр. Екінші бөлмеге кіретін есік қабырғаның орта тұсында орналасқан, ені 1 м, сақталған биіктігі 0,4 м. Екінші бөлменің ішкі бөлігінің көлемі 4,3×2,65 м, қабырғалары 1,7 м қалыңдықта қышпен қаланған. Өкінішке орай жоғарыда айтып өткеніміздей осы бөліктегі қыш қаланды қабырға тұтастай бұзылып алынған (5-сур.). Дегенмен ішінара бастапқы қалыпта сақталған қыш қаландыларды негізге ала отырып осы бөліктің көлемін және архитектуралық құрылымын анықтадық. Тазалау жұмыстары нәтижесінде кесененің екінші бөлмесінің солтүстік-батыс бұрышынан ретсіз орналасқан адам сүйегі анықталды. Сонымен қатар, бөлменің еденіне тұтастай қыш төсегендігі, оның беті және қабырғалары гипспен сыланғандығы анықталды.



5-сур. № 6 кесене: 1 – жалпы көрінісі, 2 – жобасы

Талдау жұмыстарымыздың нәтижесінде кесененің архитектуралық құрылымын, бірінші және екінші бөлмелер едендерінің деңгейін негізге ала отырып, екінші бөлме көрхана (сағана) қызметін атқарған болуы мүмкін деген пікір қалыптасуда. Себебі тұтастай қыш төселіп, беті 2-3 см қалыңдықта гипспен сыланған бөлме еденіне адам мүрдесі қойылған, төрт қапталындағы қабырғалары да гипспен сыланған. Өкінішке орай, кесене қабырғаларындағы қыш қаландыларды бұзып алу барысында кесененің көрхана (сағана) бөлігі тұтастай бұзылып кеткен. Дегенмен кесененің оңтүстік-батыс бұрышынан бастапқы қалыпта сақталған қыш қаландылар және көрхана (сағана) бөлмесінің 1,7 м қалыңдықтағы қабырғасының ізі анықталды. Яғни, кесененің есігі солтүстік-батысқа ашылған үлкен бөлмесінде зияратшылар құран оқып, дұға жасайтын болса, кіші көлемді екінші бөлмеде адам жерленген. Жоғарыда айтып өткеніміздей Орталық Азиялық түркі халықтардың ислам дінін қабылдауының арқасында осындай үлгідегі зияратшылардың құран оқып, дұға жасайтын бөлмелері бар кесенелер көптеп бой көтере бастайды.

Кесене құрылысына келер болсақ, тапталып, бетіне саз балшық құю арқылы дайындалған платформаның үстіне кесене құрылысы салынған. Кесене құрылысында көлемі 25×25×5, 26×26×5 см ашық сарғыш түсті сапалы саз балшықтан жасалған қыштар пайдаланылған. Кесене қабырғасының сыртқы және ішкі жиектері бүтін немесе жарты қыштармен қаланып, ортасы сынық қыштарды саз балшықпен араластырып толтырып отырған. Қазба жұмыстары басында кесене құрылысында қам қыштардың да пайдаланылғандығы анықталды. Пайымдауымызша кесене екі күмбезді болған, яғни алдыңғы порталды кіреберіс бөлігі үлкен күмбезбен жабылған болса, екінші бөлмесінің үсті кіші күмбезбен жабылған болуы мүмкін. Себебі кесененің қыш қаланды қабырғалары енді болып келуде. Мұндай үлгідегі порталды, екі бөлмелі кесенелер Ортағасырлық Арал-Асар (Кердері II кесенесі) (6, 1-сур.) [Байпаков 2012: 65-68; Құрманқұлов 2011: 85-86], Қышқала (6, 2-сур.) [Елеуов



6-сур. Кесене жобалары: 1 – Кердері II кесенесі ([Байпаков 2012: 233]: бойынша);  
2 – Қышқала қалашығындағы № 1 кесене ([Елеуов және т. б. 2021а: 91]: бойынша);  
3 – Әуликөл кесенесі ([Петров, Смагулов 2018: 167-184]: бойынша)

және т.б. 2021а: 26-31; Елеуов және т.б. 2021б: 122], Әуликөл (6, 3-сур.) [Петров, Смагулов 2018: 167-184] және Түркістан қалашықтарында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында анықталған. Алалмыш кесенелердің екінші бөлмелерінде адам жерленгендігі анықталған.

Ортағасырлық Сығанақ қаласындағы № 6 кесенені жоғарыда аталған кесенелермен салыстырмалы түрде талдар болсақ, кесене Қышқала қалашығынан анықталған № 1 кесенемен ұқсастықтары байқалуда. Екі кесененің де порталды есіктері солтүстік-батысқа бағытталған. Кесенелерде зияратшыларға арналған кең бөлмелер мен сыртқа шығыңқы кең көрхана бар. Кесенелердің бір-бірінен айырмашылығы, Сығанақ қаласындағы № 6 кесененің көрханасы еденіне тұтастай қыш төселіп, оның беті гипспен сыланып көрхана (сағана) жасалынған болса, Қышқала қалашығындағы № 1 кесененің көрхана бөлігінде жерге ойып қабір шұңқыры жасалынған. Қабір шұңқырының жиектері қышпен қаланып қапталған. Ал, Кердері II кесенесімен Әуликөл кесенесіне келер болсақ, кесенелердің порталды есіктері оңтүстік-батысқа бағытталған, көрхана бөлмелері қысқа және тар болып келуде. Екі кесененің де зияратшыларға арналған үлкен бөлмелерінің еденіне арнайы қабір шұңқырлары қазылып, адам жерленген. Кесенелерде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында XIII–XV ғғ. жататын әрлеуіш қыш қаптамалар, саздан жасалған ыдыстардың бөліктері және теңгелер табылған. Кесенелердің архитектуралық құрылымына



және табылған заттай деректерге сүйене отырып, порталды, екі бөлмелі кесенелердің XIV-XV ғғ. жататындығы анықталуда.


Ортағасырлық Сығанақ қаласындағы № 7 кесене.

Кесене Ортағасырлық Сығанақ қалашығының оңтүстік шығысында 1400 м қашықтықта шағын төбе ретінде сақталған. Төбе үсті тегіс шеңбер пішінді болып келуде. Көлемі 26 м, биіктігі 1,5 м. Қазба жұмыстары барысында көлемі 12,2×10,1 м төрт бұрыш пішінді кесене орны анықталды. Кесененің порталы оңтүстік-батысқа бағытталған. Портал алды алаңына күйдірілген қыш төселген. Кесененің солтүстік-шығыс бөлігінен үш жерлеу орны анықталды (7, 1-2-сур.). Пайымдауымызша кесененің сыртқы бөлігі сырлы әрлеуіш қыш қаптамалармен қапталған. Себебі қазба жұмыстары барысында кесененің сыртқы бөлігінен сырлы әрлеуіш қыш қаптамалар көптеп табылды.




7-сур. № 7 кесене: 1 – қазбаға дейінгі көрініс; 2 – қазбадан кейінгі көрінісі

Кесене ұзындығы 22,2 м, ені 16,7 м, биіктігі 0,3-0,4 м болып келетін платформаның үстіне салынған (8, 1-сур.). Платформа жиегін күйдірілген қыштармен төрт қатар биіктікте қалап шығып, ортасын қара балшық пен сазды араластырып толтырып шыққан. Платформаның батыс қабырғасының солтүстік-батыс бөлігі 3 м аралықта бұзылған. Шамасы ауыл тұрғындары ауыр техникамен сүргенге ұқсайды. Осы анықталған платформа алаңын қара саз балшықпен толтырып, бетін тегістеп ортасына кесене құрылысын тұрғызған. Ашылған кесененің ұзындығы 12,2 м, ені 10,1 м, қабырғаларының биіктігі 0,1-0,6 м. Кесененің порталы оңтүстік-батысқа қарай бағытталған. Портал алды алаңына күйдірілген қыш төселген, оның ұзындығы 10,1 м, ені 3,15 м. Анықталған порталдың ұзындығы 2,3 м, ені 1,6 м. Жалпы порталдың яғни оңтүстік-батыс қабырғасының қалыңдығы 3,7 м. Порталдың табалдырығына қыштарды тігінен қалап шыққан, ал қалған ішкі бөлігіндегі қыштар жалпағынан төселген. Кесене есігінің ені 1,45 м. Кесененің батыс, солтүстік және шығыс қабырғаларының қалыңдығы 1,55 м. Анықталған кесене қабырғаларына қаланған күйдірілген қыштардың көлемдері 5×24×24, 5×25×25 см болып келеді. Сондай-ақ қабырға табанына және жиектеріне бүтін қыштарды қалап шыққан, ал ортасына сынған қыштарды байланыстыра қалап отырған. Қамыс шірінділері жақсы сақталғандықтан қабырға астына толығымен қамыс төселгені байқалады. Қабырғаның кейбір бөліктеріндегі қыштарды осы төселген қамыс шіріндісіне дейін алып кеткен. Сонымен қатар, ашылған кесененің ішкі көлемі 7×7 м, еденіне күйдірілген қыштар жалпағынан төселген. Негізінен бұл еден төсендісі кесененің оңтүстік бөлігінде ғана сақталған, ал солтүстік бөлігінің қыштарын толығымен бұзып, алып кеткен. Кесененің солтүстік-шығыс бөлігінде еден деңгейінен 0,3 м тереңдікте үш жерлеу орны анықталды. Ашылған жерлеу орныдарына шартты түрде оңтүстіктен солтүстікке қарай № 1–3 деп реттік номер қойылды (8, 2-сур.). Жерлеу орындарына қарап бұл кесене бір әулетке тән екендігі анықталды.



8-сур. № 7 кесене: 1 – платформаның солтүстік бұрышы; 2 – жобасы

Мұндай үлгідегі порталды, төрт бұрыш пішінді, бір бөлмелі кесенелердің қатарында Сырлытам кесенесін, Асанас кесенесін, Арал теңізінің оңтүстік-шығысындағы Сырлытам кесенесін, Болған Ана кесенесін және т. б. кесенелерді айтуға болады (9, 1–4-сур.) [Koshenova 2016: 183–202].



9-сур. Кесенелер жобасы; 1 – Сырлытам кесенесі; 2 – Асанас кесенесі; 3 – Арал теңізінің оңтүстік-шығысындағы Сырлытам кесенесі; 4 – Болған Ана кесенесі

**Қорытынды.** Ортағасырлық Сығанақ қаласында 2021 ж. жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында алынған саз ыдыстарды, тұрғын үйлердің архитектуралық құрылымын, жоспарын және С14 анализінің қорытындысын негізге ала отырып, бірінші құрылыс қабатының XIX ғ. басына жататындығы анықталды. Анықталған құрылыс нысандарын және табылған тарихи жәдігерлерді негізге ала отырып, құрылыс қабатының Сығанақ қаласының соңғы құрылыс қабаты болғандығын айтуға болады. Себебі аталған құрылыс қабатынан кейін, яғни XIX ғ. екінші жартысында қалада тіршілік көзі тоқтаған.

Екінші құрылыс қабатына тиесілі тұрғын үй бөлмесінен алынған С14 анализінің қорытындысы бойынша бұл құрылыс қабатының  $294 \pm 21$  жыл бұрынғы, яғни XVIII ғ. басына жататындығы анықталды. Мақалада С14 анализінің қорытындысына сүйене отырып, Шайбанидтер әулетінің

билеушісі II Абдулла ханның билігі тұсында (1557-1598 жж.) соғылған күміс теңгелердің және XV-XVI ғғ. соғылған мыс теңгелердің Сығанақ қалашығында XVIII ғ. басына дейін қолданыста болғандығы анықталды. Сонымен қатар, Ортағасырлық Отырар және т. б. қалалардың XI-XII ғғ. жататын құрылыс қабаттарынан анықталған бірнеше бөлмеден тұратын анфиладты жоспар түрінде салынған тұрғын үйлердің және «П» іспеттес сыпалардың Сығанақ қалашығында XVIII ғ. соңына дейін құрылыстарда қолданылғаны анықталды. Бұл тұжырымымызды осы құрылыс қабатынан табылған ақшыл және ашық көкшіл түсті сырға көк және қоңыр түсті сырмен гүл дестелері және толқын іспеттес бейнелер түсірілген саз ыдыстар дәлелдейді.

Ортағасырлық Сығанақ қаласында 2022 ж. жүргізілген археологиялық қазба жұмысы барысында ашылған № 6 және № 7 кесенелердің архитектуралық құрылымын, жерлеу дәстүрін, кесенелерден табылған әрлеуіш қыш қаптамаларды және жәдігерлерді негізге ала отырып, көршілес аймақтарда анықталған осындай үлгідегі кесенелермен салыстырмалы талдау жасай отырып, кесенелердің XIV-XV ғғ. жататындығы анықталды. Сонымен қатар, зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесінде порталды, екі бөлмелі және төрт бұрыш пішінді, порталды, бір бөлмелі, күмбезді кесенелердің Сырдарияның ортаңғы және төменгі ағысында көптеп кездесетіндігі анықталды.

#### **ӘДЕБИЕТ**

- Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды ИИАЭ АН КазССР. 1958. Т. 5: Археология. С. 3-215.
- Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Позднесредневековый Отрар (XVI–XVIII вв.). Алма-Ата: Наука КазССР, 1981. 343 с.
- Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Отрар в XIII–XV веках. Алма-Ата: Наука КазССР, 1987. 256 с.
- Байпаков К.М. Ежелгі және орта ғасырлардағы Отырар. Алматы: Қазығұрт баспасы, 2007. 248 б.
- Байпаков К.М. Исламская археологическая архитектура и археология Казахстана. Алматы: ТОО «Археологическая экспертиза», 2012. 284 с., 108 ил.
- Джувейни Ата-Мелик. Чингисхан. История завоевателя мира. Пер. с англ. Е.Е. Харитонов; предисл. и библиогр. Дэвида О. Моргана. М.: Изд. дом «Магистр-пресс», 2004. 690 с.
- Жолдасбаев С. Ортағасырлық Сығанақ қаласы (X–XVIII ғғ.). Түркістан: Тұран, 2010. 246 б.
- Жолдасбаев С. Позднесредневековые города на северных склонах Каратау. Туркестан: Туран, 2012. 109 с.
- Елеуов М., Талеев Д., Есен С., Молдахмет А., Сапатаев С., Ерсариев А., Нұрман Б., Қиясбек М. «Ортағасырлық Қышқала (Баршынкент): Алтын Орда дәуіріндегі қалалық мәдениет контекстінде» тақырыбындағы жобаның есебі. Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. 2021а. 194 б.
- Елеуов М., Талеев Д., Есен С., Курманиязов И.С., Молдахмет А. Ортағасырлық Қышқалада 2021 жылы жүргізілген зерттеулер // Марғұлан оқулары–2021: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының 30 жылдығына арналған «Этномәдени зерттеулер контекстіндегі Ұлы Дала» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (Алматы қ., 26–27 қазан 2021 ж.) / Бас ред. А. Оңғар. Алматы: Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты, 2021б. Том 2. 120–124 б.
- Киракос Гандзакечи. История Армении. Перевод с древнеармянского, предисл. и ком. Л.А. Хацларян. М.: Наука, 1976. 359 с.
- Құрманқұлов Ж. (бас ретактор). Қазақстан Республикасының тарихи мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы. Алматы: Аруна, 2011. 504 б.
- Малов С. Памятник в честь Кюль-Тегина, Памятник Бильге-Кагану, Памятник в честь Тоньюкука // Орхонские надписи Кюль-Тегин Бильге-Каган Тоньюкук. Семей: Международный клуб Абая, 2001. С. 87-149.
- Махмұт Қашқари. Түрік тілінің сөздігі (Диани лұғат-ит-түрік). 3 томдық шығармалар жинағы. Алматы: Хант, 1997. Т. I. 531 б.

- Петров П.Н., Смагулов Т.Н.* Нумизматические находки XIV века из некрополя у озера Аулиеколь // *Stratum plus*. 2018. № 6. С. 167-184.
- Тұяқбаев М.Қ., Мурғабаяев С.С., Бахтыбаев М.М., Арынов Қ.С., Сиздинов Б.С.* Ескі Түркістан қалашығының шахристанында орналасқан Жеті Ата көшесі бойында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, жалпы ұзындығы 660 м. Есеп. Түркістан, 2020. 400 б.
- Фазлаллах Ибн Рузбихан Исфхани.* Михман-наме-йи Бухара (Записки бухарского гостя). Пер. с перс., предисл. и примеч. Р.П. Джалиловой. Под ред. А.К. Арендса. М.: Вост. лит., 1976. 536 с.
- Хазбулатов А., Ақылбек С., Ожаубаев А., Гурсой М., Пәрменкул С., Сиздинов Б., Алмазұлы Ш., Шоқаев Қ., Сералиев А., Сералы Н., Қуандық А., Сыдыев Н., Кенжекулов М., Сыздықов С.* Күлтөбе қалажұртында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының есебі. Түркістан, 2019. 365 б.
- Якубовский А.Ю.* Развалины Сыгнака // *Сообщения ГАИМК*. Т. 2. Л., 1929. С. 123-159.
- Koshenova G.* Kazakhstan, Taraz'da Babaci Hatun Turbesi // *Bilig Dergisi*. 2016. Sayı 77. S. 183-202.
- Syzdykov B., Zhetibayev K., Bahtybayev M.* Research of the system of protection of the medieval city of Syganak // Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Хабаршысы. «Тарих» сериясы. 2021. № 4 (103). 42-52-66. DOI: 10.26577/JH.2021.v103.i4.05
- Yeraly Akymbek and Beibit Baibugunov.* Minaret of Medieval City Aktobe // *World Academy of Science, Engineering and Technology*. 2013. Vol. 78 . P. 1235-1238.



|                                                                                                                     |            |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| <b>Кольченко В.А. (Бишкек, Кыргызстан), Тулуш Д.К., Ситдииков А.Г.,<br/>Бездудный В.Г. (Казань, Россия)</b>         |            |
| Предварительные результаты исследования<br>средневековых городов Чуйской долины в 2021–2022 гг. ....                | 164        |
| <b>Жетібаев К.М., Сиздииков Б.С., Бахтыбаев М.М. (Түркістан, Қазақстан)</b>                                         |            |
| Ортағасырлық Сығанақ қаласында 2021–2022 жылдары жүргізілген<br>археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелері ..... | 184        |
| <b>Аяган Б. (Нур-Султан, Казахстан)</b>                                                                             |            |
| Город Сыгнак и округ Туркестана в период правления Шибанидов:<br>материальная культура и архитектура .....          | 195        |
| <b>Искандерова А.Д., Султанова М.Н. (Самарканд, Узбекистан)</b>                                                     |            |
| Архитектурный декор средневекового Хорезма и его аналогии<br>в архитектуре мавзолеев Южного Казахстана .....        | 203        |
| <b>Мұрғабает С.С., Бахтыбаев М.М., Малдыбекова Л.Ж. (Түркістан, Қазақстан)</b>                                      |            |
| 2022 жылы Көккесенеде жүргізілген зерттеулердің нәтижелері .....                                                    | 216        |
| <b>Гюль Э.Ф. (Ташкент, Узбекистан)</b>                                                                              |            |
| Искусство периода правления Шейбанидов: основные тенденции .....                                                    | 223        |
| <b>Лурье П.Б. (Санкт-Петербург, Россия)</b>                                                                         |            |
| К согдийской эпиграфике Средней Сырдарьи и Семиречья .....                                                          | 231        |
| <b>Петров П.Н., Белтенев Ж.М. (Алматы, Казахстан)</b>                                                               |            |
| Третий Алматинский 2021 г. клад серебряных монет XIV в.<br>Чагатаидского ханства .....                              | 235        |
| <b>Бугарчев А.И. (Казань, Россия), Петров П.Н. (Алматы, Казахстан),<br/>Шайхутдинова Е.Ф. (Казань, Россия)</b>      |            |
| Монеты Хаджи-Тархана XV в. из клада Караульная Гора<br>(по материалам из фондов НМ РТ) .....                        | 242        |
| <b>Мусакаева А.А. (Ташкент, Узбекистан)</b>                                                                         |            |
| Гирьки из Чача .....                                                                                                | 248        |
| <b>Юдин Н.И. (Азов, Россия)</b>                                                                                     |            |
| Печати купцов из золотоордынского Азака .....                                                                       | 256        |
| <b>Крупа Т.Н. (Павлодар, Казахстан)</b>                                                                             |            |
| Применение РЭМ при изучении технологии изготовления<br>золотных нитей эпохи античности — средних веков .....        | 264        |
| <b>Крупа Т.Н. (Павлодар, Казахстан)</b>                                                                             |            |
| Археологический текстиль как исторический источник<br>и некоторые особенности его сохранности .....                 | 270        |
| <b>Шалахов Е.Г. (Юрино, Россия)</b>                                                                                 |            |
| Вандализм на памятнике археологии<br>(ситуация с Юринской стоянкой в Среднем Поволжье) .....                        | 277        |
| <b>Қысқартулар тізімі – Список сокращений – List of Abbreviations .....</b>                                         | <b>283</b> |